

Демалыс күндерін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 ақпандағы N 142 Қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдай жасау және 2005 жылғы наурыздағы жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Демалыс күндері 2005 жылғы сенбі - 5 наурыздан дүйсенбі 7 наурызға және сенбі - 19 наурыздан дүйсенбі - 21 наурызға ауыстырылсын.

2. Қажетті өнім шығару, қаржылық қызметті қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2005 жылғы 7 және 21 наурызда жұмыс жүргізу құқығы берілсін.

Көрсетілген күндердегі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі